



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2019 жылғы 24 қаңтар

KAZ MINERALS ТОБЫ 2018 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

2018 жылы KAZ Minerals Тобы оған дейінгі жылмен салыстырғанда 14%-ға артық мыс өндірді¹ - 294,7 мың тонна (2017: 258,5 мың тонна). Бұл 270-300 мың тонна көлеміндегі жылдық жоспарлы аралықтың жоғарғы шегіне сәйкес келеді. Мыс өндірісінің артуы негізінен Ақтоғай КБК-дегі жоғарғы жетістіктердің арқасында орын алды.

2018 жылдағы алтын өндірісі – 183,4 мың унция (2017: 178,7 мың унция). Бұл жоспарлы 160-175 мың унция көлеміндегі аралықтан жоғары.

Күмістің жылдық өндірісі – 3,511 млн унция (2017: 3,506 млн унция). Аталған көрсеткіш жоспарлы 3 млн унциядан әлдеқайда артық.

2018 жылы өндірілген концентраттағы мырыштың көлемі (49,7 мың тонна) 2018 жылдың үшінші тоқсанындағы өндірістік нәтижелер барысында айтылған жоспарлы 60 мың тонна шамасындағы көрсеткіштен аз болып шықты. Бұған Артемьев шахтасының екінші кен шоғырына жақын учаскелердегі кеннің құрамындағы мырыштың күтілгеннен аз мөлшері әсер етті.

Бозшакөл

2018 жылдың төртінші тоқсанында Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-де 7,48 млн тонна кен өндірілді. Бұл үшінші тоқсанмен салыстырғанда 3%-ға аз, бірақ кен байыту фабрикаларының 100%-дық өткізу қырқынмен жұмыс істеуіне қажетті кен көлемін (жыл сайын 30 млн тонна) қамтамасыз етуге жеткілікті. Жалпы өткен жылда 30,7 млн тонна кен өндірілді. Каолин балшығы бар кенді өндіру жоспарлы түрде азайғандықтан бұл көрсеткіш 2017 жылмен (34,6 млн тонна) салыстырған 11%-ға аз.

Төртінші тоқсанда мыс өндіру көлемі² 6%-ға артып, 26,6 мың тоннаға (3 тоқсан: 25,2 мың тонна) жетті. Оған себеп – кендегі мыс мөлшерінің және бөліп алу коэффициентінің жоғары болуы. 2018 жылы Бозшакөлде 101,6 мың тонна мыс өндіріліп, жылдық жоспарлы 95-105 мың тонна аралығының жоғарғы шегіне таяды. Бұл 2017 жылдағы (101,3 мың тонна) көрсеткіштерге сәйкес келеді.

Төртінші тоқсанда алтынның өндірісі² 34,1 мың унцияға жетіп, өткен тоқсанмен салыстырғанда 9%-ға артты. Жыл көлеміндегі алтынның өндірісі 127,8 мың унцияға (2017: 119 мың унция) жетіп, 115-125 мың унция көлеміндегі жылдық көрсеткіштен асты.

Күміс өндірісі² (666 мың унция) – 500 мың унция көлеміндегі жоспарлы көрсеткіштен 33%-ға артты (2017: 687 мың унция).

Ақтоғай

Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай КБК-де төртінші тоқсанда 11,2 млн тонна кен өндірілді (3 тоқсан: 11,6 млн тонна). Бұл сульфидті кендерді өңдейтін кен байыту фабрикасы (БФ) мен үймелі сілтсіздендіру панельдерінің сұранысынан жоғары. Кеніште аршу жұмыстары жүргізілді. Осының арқасында 2021 жылдан бастап екінші кен байыту фабрикасындағы өңдеуге арналған кенді өндіру артады.

Жалпы 2018 жылда Ақтоғайда 41,9 млн тонна кен өндірілді. Бұл 2017 жылмен (26,2 млн тонна) салыстырғанда 60%-ға артық.

Кендегі мыс мөлшерінің жоғары болуының арқасында төртінші тоқсанда мыс өндірісінің көлемі¹ 3%-ға артып, 36 мың тоннаға (3 тоқсан: 34,9 мың тонна) жетті. 2018 жылы Ақтоғай 131,4 мың тонна өндіріп, 110-130 мың тонна көлеміндегі жоспарлы аралықтан сәл асты. Сульфидті кенді өңдейтін БФ-ғы өндіріс қарқынын арттырудың арқасында 2017 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 46%-ға артты (2017: 90,2 мың тонна). Ақтоғайдағы мыс өндірісіне сульфидті кеннен өндірілген 105,7 мың тонна мыс және оксидті кеннен өндірілген 25,7 мың тонна катодты мыс кіреді.

¹ Мұнда және одан әрі – концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Мұнда және одан әрі – концентраттағы ақысы төленетін металл

Шығыс өңір мен Бозымшақ

Жалпы Шығыс өңірдегі кәсіпорындар («Шығыстүстімет» ЖШС) мен Қырғызстандағы Бозымшақ КБК-де төртінші тоқсандағы кен өндірісі үшінші тоқсанға сай болды - 963 мың тонна (3 тоқсан: 975 мың тонна). 2018 жылы 3,89 млн тонна кен өндірілді (2017: 3,92 млн тонна).

Жыл бойында өңделген кеннің көлемі 3%-ға, яғни, 4,17 млн тоннадан 4,03 млн тоннаға дейін азайды. Оған жұмысы тоқтатылған Юбилейный-Снегирихин кенішінің жинақталған кенін 2017 жылы өңдеу себеп болды. Кендегі мыстың орташа мөлшері де азайды – 2017 жылы 1,89% болса, 1,81%-ға дейін төмендеді. Оған негізінен Орлов шахтасындағы кендегі металдың азайған мөлшері ықпал етті.

Өңдеу көлемінің және мыстың орташа мөлшерінің азаюы 2018 жылы Шығыстүстіметтің кәсіпорындары мен Бозымшақта 61,7 мың тонна мыс² (2017: 67 мың тонна) өндіруге мүмкіндік берді. Бұл жылдық 65 мың тонна жоспарлы көрсеткіштен 5%-ға аз.

Алтын мен күмістің тоқсандық өндірісі шамамен бір деңгейде сақталды: төртінші тоқсанда 14 мың унция алтын және 631 мың унция күміс болса, үшінші тоқсанда 13,8 мың унция алтын мен 643 мың унция күміс болған. Концентраттағы мырыштың өндірісі 15%-ға азайып, 13,4 мың тоннадан 11,4 мың тоннаға түсті. Негізінен бұған Орлов шахтасындағы металдың төмен мөлшері мен Николаев БФ-ғы өңделген кен көлемінің азаюы себеп болды.

Жыл көлемінде Шығыс өңір мен Бозымшақта 55 мың унция алтын, 2,356 млн унция күміс және 49,7 мың тонна концентраттағы мырыш (2017: сәйкесінше 58,9 мың унция, 2,549 млн унция және 57,6 мың тонна) өндірілді.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы **Эндрю Саузам** былай деп мәлімдеді: «2018 жылы KAZ Minerals-тың кәсіпорындары жақсы өсім көрсетті: мыс өндірісінің көлемі 14%-ға артып, 295 мың тоннаға жетті. Топтың мыс өнімінің 45%-ы, яғни, 131,4 мың тонна мыс 2017 жылы іске қосылған Ақтоғай КБК-де өндірілді. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 46%-ға артық. Ерекше атап өтер жәйт – 2018 жыл Топ жыл сайынғы мыс өндірісінің жоспарына жеткен оныншы жыл және Қазақстандағы ірі өркендеу жобаларымыз – Бозшакөл мен Ақтоғай өндірісті табысты өсіре білген кезең болды».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысындағы Бозшакөл және ШҚО орналасқан Ақтоғай ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2018 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 295 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 50 мың тонна концентраттағы мырыш, 183 мың унция алтын мен 3,511 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 38 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) – 27 жыл. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты – 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады.

Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі. Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Іске қосылғаннан кейін жоба алғашқы он жылдағы күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер - шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың унция алтын немесе мыс эквивалентімен есептесек, 330 мың тонна болмақ. Кеніштің пайдалану мерзімі 25 жылды құрайды және таза ақшалай өзіндік құны жаһандық шығындар қисығының бірінші квартилінде орналасқан. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Кенішті игерудің күрделі шығындары \$5,5 млрд деп бағаланды. Топ талдаушылардың консенсус-бағасы мен тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірінді құнның (NPV) айтарлықтай өсімін күтіп отыр. Баимская мыс жобасын іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.